

## Жол-көлік инфрақұрылымның тұрақты дамуының жасыл қағидалары ҰСЫНЫМДАР

ҚР Ұ 218-137-2017. ҚР ИДМ автомобиль жолдары Комитетінің 2017 жылғы 26 желтоқсандағы № 177 бүйрыймен бекітіліп қолданысқа енгізілді.

1 "Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты" акционерлік қоғамы ("ҚазжолFЗИ" АҚ) **ДАЙЫНДАП ЕҢГІЗДІ**

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитеті  
2 Төрағасының "26" желтоқсан 2017 ж.

№ 177 бүйрыймен **БЕКІТІЛШІ, ҚОЛДАНЫСҚА ЕҢГІЗЛДІ**

3 "ҚазАвтоЖол" ҰК" Акционерлік қоғамымен  
"27" қараша 2017 ж. № 03/14-2-2979-И КЕЛІСІЛДІ

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ 2022 жыл

ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ 5 жыл

5 АЛҒАШ РЕТ ЕҢГІЗЛДІ

Күжат Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде және "InfoZhol" – <http://infozhol.kad.org.kz> электронды мәліметтер базасында қол жетімді

Осы Нұсқаулықты Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің рұқсатынсыз толықтай немесе ішінара қайта басып шығаруға, көбейтуге және таратуға болмайды

### Мазмұны

Кіріспе	4
1 Қолдану саласы	5
2 Нормативтік сілтемелер	5
3 Терминдер, анықтамалар және қысқарған сөздер	9
4 Жалпы ережелер	11
5 Экологиялық талаптар құрылымы	11
6 Белгілер топтары, экологиялық талаптар және оларды бағалау әдістері	12
7 Сәйкестікті рейтингтік бағалаудың жүйесі	12
8 Белгілер және нормативтік-құқықтық құжаттама	14
9 Қолдану ережелері	14
А қосымшасы (ақпараттық)	17
Б қосымшасы (ақпараттық)	20
В қосымшасы (ақпараттық)	42
Г қосымшасы (ақпараттық)	45
Д қосымшасы (міндettі) Жол-көлік инфрақұрылымның тұрақты дамуының жасыл қағидаларға сәйкестігі туралы қорытынды	63
Е қосымшасы (mіndettі) Жұмыс өндірісі нысандарының жол-көлік инфрақұрылымның тұрақты дамуының жасыл қағидаларына сәйкес келуі туралы қорытындылардың бірінгай реестрі	64

Ж қосымшасы (міндетті) Жол-көлік инфрақұрылымның тұрақты дамуының жасыл қағидалары бойынша жұмыс өндіріс нысанының сәйкестік рейтингтік бағасын жүргізудің жоспар-кестесі	65
Библиография	66

## Kіріспе

Осы Ұсынымдар талаптары энергетикалық ресурстарды қысқартуға, дәстүрлі емес, өндөлген және қайталама энергетикалық ресурстарды пайдалануға, суды оңтайлы пайдалануға, автомобиль жолдарын салу және пайдалану кезінде адамдардың мекендеу ортасының жайлыштырының және сәулет, құрылымдық, инженерлік шешімдердің адекватты экономикалық шешімдерін қамтамасыз етуде қоршаған ортаға жағымсыз әсерлердің ықпалын төмендетуге бағытталған.

Осы Ұсынымдар қағидалар, деңгейлер, бағалау белгілері, көрсеткіштер, ұсынылған көрсеткіштер және ең төменгі экологиялық талаптарды анықтайды.

Ұсынымдар сзықты нысандарға (инженерлік құрылыштарға) және жол сервисі мен жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын жобалау, салу, қайта салу, күрделі жөндеу, жөндеу және пайдалану сатыларында қолданылады.

### 1 Қолдану саласы

Осы Ұсынымдар жол-көлік инфрақұрылымының нысандарына қойылатын экологиялық талаптарды айқындайды, олардың көрсетілген талаптарға сәйкестілігін бағалау әдістерін анықтайды және экологиялық талаптардың жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуді есепке ала отырып, жобалық құжаттаманы, құрылышты және пайдалануды әзірлеудің үрдісін дамытуға арналған жол ұйымдарының пайдалануына және инновациялық технологиялар мен шешімдерді қабылдауға арналған.

### 2 Нормативтік сілтемелер

Осы ұсынымды қолдану үшін келесі сілтемелі-нормативтік және нормативтік-құқықтық құжаттар қажет:

ҚР СТ 3.15.2-2009 Қазақстан Республикасының мемлекеттік техникалық реттеу жүйесі. Сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау. Сапа менеджменті жүйелерін сертификаттау бойынша жұмыстарды жүргізу тәртібі.

ҚР СТ 1225-2013 Жол, аэродром асфальтбетон қоспалары және асфальтбетон. Техникалық шарттар.

ҚР СТ 1412-2010 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жайластыру элементтері. Техникалық талаптар. Қолдану ережелері.

ҚР СТ 1413-2005 Автомобиль және темір жолдары. Жер төсемесін жобалау бойынша қойылатын талаптар.

ҚР СТ 1504-2006 Ресурсты үнемдеу. Қалдықтарды пайдалану. Өндіріс және тұтыну қалдықтарын пайдалану бойынша іс-әрекеттерді құжаттау және реттеу.

ҚР СТ 2068-2010 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жайластыру элементтері. Жалпы талаптар.

ҚР СТ 2476-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жол сервисі нысандарына және олардың қызметтеріне қойылатын талаптар.

ҚР СТ 2722-2015 Автомобиль жолдарындағы көпір құрылыштары және су өткізгіш құбырлар.

ҚР СТ 2723-2015 Соқырлар мен нашар көретін адамдарға көмек көрсететін техникалық құралдар. Жаяужол бетіндегі түйсіну көрсеткіштер.

ҚР СТ 2846-2016 Физикалық мүмкіндіктері шектеулі саяхатшыларды орналастыруға арналған қолжетімді жерлер (құралдар). Жалпы ережелер.

ҚР СТ ISO 9001-2016 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

ҚР СТ ISO 11074-2016 Топырақ сапасы. Сөздік.

ҚР СТ ISO 14001-2016 Экологиялық менеджмент жүйелері. Талаптар және қолдану жөніндегі нұсқаулық.

ҚР СТ Р МЕМСТ ИСО 14004-2010 "Экологиялық менеджмент жүйелері. Жүйе принциптері мен қызметті қамтамасыз ету жөніндегі жалпы басшылық нұсқаулары.

ҚР СТ БСТ ИСО 14020-2006 "Экологиялық заттаңбалар және мағлұмдамалар. Негізгі қағидалар.

ҚР СТ ИСО 14021-2006 Затбелгілер және экологиялық декларациялар. Өздігінен мәлімденетін экологиялық арыздар (II тип бойынша экологиялық таңбалау).

ҚР СТ Р МЕСТ ИСО 14024-2006 Затбелгілер және экологиялық декларациялар. I тип бойынша экологиялық таңбалау. Қағидалар мен рәсімдер.

ҚР СТ СТБ ISO 14025-2006 Затбелгілер және экологиялық декларациялар. III тип бойынша экологиялық таңбалау. Қағидалар мен рәсімдер.

ҚР СТ ISO 14031-2016 Экологиялық менеджмент. Экологиялық тиімділікті бағалау. Басшылық нұсқаулар.

ҚР СТ ИСО/МЭК 17021-2008 Сәйкестік бағасы. Аудит және менеджмент жүйесін орындағын орындарға қойылатын талаптар.

ҚР СТ ИСО 19011-2002 Сапа менеджменті жүйелерінің және/немесе қоршаған ортаны қорғау аудиті жөнінде ұсыныстар.

ҚР СТ Р МЕМСТ 52231-2008 Пайдалану кезіндегі автомобильдердің сыртқы шуы. Өлшеудің рұқсат етілген деңгейі мен тәсілдері.

МЕМСТ 17.1.3.13-86 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Су бетін ластанудан қорғауға қойылатын жалпы талаптар.

МЕМСТ 17.2.1.02-76 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Қозғалтқыштардың, автомобильдердің, тракторлардың, өздігінен жүретін ауылшаруашылық және құрылым-жол машиналарының зиянды заттарды шығаруының терминдері және анықтамалары.

МЕМСТ 17.2.1.03-84 Табиғатты қорғау. Атмосфера. Ластануды бақылаудың терминдері және анықтамалары.

МЕМСТ 17.4.3.06-86 Табиғатты қорғау. Топырақтар. Топырақтарға химиялық ластағыш заттардың әсер етуі бойынша оларды топтастыруға қойылатын жалпы талаптар.

МЕМСТ 17.5.3.02-90 Табиғатты қорғау. Жерлер. Мемлекеттік орман қорының жерлерінен темір және автомобиль жолдарының бойымен өтетін ормандардың қорғаныш алқабын беру нормалары.

МЕМСТ 17.5.3.06-85 Табиғатты қорғау. Жерлер. Жер жұмыстарының өндірісі кезінде құнарлы жер қабатын алып тастау нормаларын анықтауға қойылатын талаптар.

МЕМСТ 17.8.1.01-86 Табиғатты қорғау. Ландшафттар. Терминдер мен анықтамалар.

МЕМСТ 17.8.1.02-88 Табиғатты қорғау. Ландшафттар. Топтастыру.

МЕМСТ 9128-2013 Автомобиль жолдары мен аэродромдарға арналған асфальтбетон, полимерлі асфальтбетон қоспалары, асфальтбетон, полимерлі асфальтбетон. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 20444-85 Шу. Көлік ағындары. Шу сипаттамасын өлшеу әдістері.

МЕМСТ 30166-2014 Ресурсты үнемдеу. Негізгі ережелер.

МЕМСТ 31296.1-2005 (ИСО 1996-1:2003) Шу. Төңіректегі шуды суреттеу, өлшеу және бағалау. 1-бөлім. Бағалаудың негізгі мөлшерлері мен рәсімдері.

МЕМСТ 31296.2-2006 (ИСО 1996-2:2007) Шу. Төңіректегі шуды суреттеу, өлшеу және бағалау. 2-бөлім. Дыбыс қысымының деңгейін анықтау.

МЕМСТ 31330.1-2006 (ИСО 11819-1:1997) Шу. Жол жамылғысының көлік шуына әсерін бағалау. 1-бөлім. Статистикалық әдіс.

МЕМСТ 32847-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Экологиялық іздестіру жүргізуге қойылатын талаптар.

МЕМСТ 32944-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жаяу өтпе жолдар . Топтастыру.

МЕМСТ 33025-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Шу жолақтары. Техникалық шарттар.

МЕМСТ 33100-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Автомобиль жолдарын жобалау ережесі.

МЕМСТ 33150-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жаяужолдар мен велосипед жолдарын жобалау. Жалпы талаптар.

МЕМСТ 33151-2014 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдары. Жайластыру элементтері. Техникалық талаптар. Қолдану ережелері.

МЕМСТ 9128-2013 Автомобиль жолдары мен аэродромдарға арналған асфальтбетон, полимерлі асфальтбетон қоспалары, асфальтбетон, полимерлі асфальтбетон. Техникалық шарттар.

ISO 11074:2015 (E) Топырқ сапасы. Сөздік.

ISO 26000:2010 Арнайы жауапкершілік бойынша нұсқау.

ВҚН 8-89 Автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күту кезінде табиғи ортаны қорғау бойынша нұсқаулық.

ВҚН 18-84 Автомобиль жолдарын сәулет-ландшафты жобалау бойынша нұсқау.

ВҚН 33-87 Автомобиль жолдары бойындағы екпе ағаштарды іздестіру және жобалау бойынша нұсқау.

ҚР ҚНЖЕ 1.01-05-2008 Құрылыш терминологиясы. Құрылыш технологиясы және ұйымдастыру.

ҚР ҚНЖЕ 3.03-09-2006<sup>\*</sup> Автомобиль жолдары.

ҚР ҚНЖЕ 3.06.03-85 Автомобиль жолдары.

ҚР ҚН 2.04-01-2011 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ҚН 3.02-07-2014 Қоғамдық ғимараттар мен құрылыштар.

ҚР ҚН 3.03-01-2013 Автомобиль жолдары.

ҚР ҚН 3.03-02-2013 Автомобиль жолдарына арнап жер беру.

ҚР ҚН 3.03-05-2014 Автомобиль тұрақтары.

ҚР ҚН 3.03-08-2014 Автобекеттерді жобалау.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен құрылыштардың аз қозғалып қатысатын топтарға қол жетімді болуы.

ҚР ҚН 4.01-03-2013 Сыртқы желілер, сумен жабдықтау және су тарту құрылыштары

ҚР ЕЖ 2.04-104-2012 Табиғи және жасанды жарықтандыру.

ҚР ЕЖ 3.03-101-2013 Автомобиль жолдары.

ҚР ЕЖ 3.03-102-2013 Автомобиль жолдарына арнап жер беру.

ҚР ЕЖ 3.03-105-2014 Автомобиль тұрақтары.

ҚР ЕЖ 3.06-101-2012 Ғимараттар мен құрылыштарды аз қозғалып қатысатын топтарға қол жетімді болуын ескере отырып, жобалау. Жалпы ережелер.

ҚР ЕЖ 4.04-106-2013 Тұрғын және қоғамдық ғимараттарды электрмен жабдықтау. Жобалау ережесі.

ҚР ЕР 218-20-02 Инженерлік құрылғылар және автожол жолының жағдайы жобаларын әзірлеудің әдістемелік нұсқаулығы.

ҚР ЕР 218-21-02 Қазақстан Республикасында автомобиль жолдарын салу, жөндеу және күтіп ұстау кезінде қоршаган ортаны қорғау бойынша нұсқаулық.

ҚР ЕР 218-29-2016 Автомобиль жолдарын жөндеу және күтіп ұстаудың техникалық ережелері.

ҚР Ұ 218-33-03 Жол жағдайларын есепке ала отырып, қоршаган ортаны автомобиль көлігінің ықпалынан қорғау шаралары бойынша ұсынымдар.

ҚР ЕР 218-35-2016 Автомобиль жолдарын салу және жөндеу кезіндегі сапаны бақылау және жұмысты қабылдау бойынша нұсқаулық.

ҚР Ұ 218-54-2006 Практикалық ұсынымдар. Жол экологиялық мониторингін құру әдістемесі.

ҚР ЕР 218-64-2007 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарында қысқы тайғақтықпен күресу бойынша нұсқаулық.

ҚР Ұ 218-129-2016 Табиғи-климаттық шарттар мен жол санаттары есепке алынған жол төсемесінің оңтайлы құрылымының альбомы.

Ескерту – Нақты ұсыныстарды пайдалану кезінде, ағымдағы жылдың 1 қантары бойынша және ағымдағы жылда жарияланған тиісті ақпараттық көрсеткіштермен құрылған "Стандарттау бойынша нормативтік құжаттар" көрсеткіші бойынша, сілтемелік стандарттардың әрекетін тексеру мақсатты. Егер де сілтемелік құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда нақты ұсыныстарды қолдану кезінде ауыстырылған (өзгертілген) стандарттың басшылыққа алу қажет. Егер де сілтемелік құжат ауысымсыз рұқсат етілмеген болса, онда оған берілген сілтемедегі ереже осы сілтемені тимейтін бөлігінде пайдаланылады.

### **3 Терминдер, анықтамалар және қысқараптанған сөздер**

Нақты Ұсынымдарда тиісті анықтамалары бар келесі терминдер қолданылады:

3.1 Автомобиль жолы: Автомобилдердің және басқа да көлік құралдарының белгіленген жылдамдықпен, жүктемелермен, көлемдермен үздіксіз, қауіпсіздік жүрісін қамтамасыз ететін, автомобилдер жүрісіне арналған инженерлік құрылымтар кешені, сондай-ақ осы кешенді орналастыру үшін берілген жер телімдері (көлік ерлері) және олардың үстіндегі белгіленген көлем шегіндегі әуе кеңістігі [1].

3.2 Қоршаған орта: Табиғи ортаның, табиғи және табиғи-антропогендік нысандардың, сондай-ақ антропогендік нысандардың компоненттерінің жиынтығы.

3.3 Экологиялық қауіпсіздік: Табиғи ортаның және адамның өмірлік маңызды мұдделерінің шаруашылық және басқа да әрекеттерінің мүмкін болатын жағымсыз әсерлерінен, табиғи және техногенді сипаттың төтенше жағдайлары және олардың зардабынан қорғаныс жағдайы.

3.4 Экология менеджменті: Экологиялық саясатты әзірлеуге, ендіруге және дамытуға және оны экологиялық қырынан басқаруға, сондай-ақ қоршаған ортаны қорғау бойынша бағдарламаларды (іс-шараларды) іске асыру арқылы оның жағдайын дамытуға арналған кәсіпорын менеджменті жалпы жүйесінің бөлігі.

3.5 Қоршаған ортаға әсер: Қоршаған ортадағы оң немесе теріс сипаттағы кез келген өзгеріс адам әрекетінің толық немесе жекелеген экологиялық аспекттерінің нәтижелері болып табылады.

3.6 Қоршаған орта сапасы: Физикалық, химиялық, биологиялық және басқа көрсеткіштермен және (немесе) олардың жиынтығымен сипатталатын қоршаған орта жағдайы.

3.7 Антропогенді әрекет: Адамның өзінің немесе тірі заттың басқа тұрларінің немесе олардың өміріне тікелей ісер ететіндердің мекендеу ортасы секілді табиғатты өзгеріске алып келетін адам ортасы әрекеттерінің әртүрлі формалары.

3.8 Экологиялық оқалту: Арнары табиғатты қорғау және режимді іс-шараларды орындау арқылы жеткен оның тұрақты дамуын қамтамасыз ету мақсатында бұзылған табиғи қауымдастықты сауықтыру (жұмсалған функцияларды қалпына келтіру).

3.9 Қалдықтарды пайдалану: Қалдықтарды жинау, жинақтау, пайдалану, тасымалдау, орналастыру бойынша әрекеттер.

3.10 Адамның мекендеу ортасы: Адамның өмір сүру әрекетінің шарттарын анықтайтын қоршаған ортаның (табиғи және жасанды) нысандары, жаратылысы және факторларының жиынтығы.

3.11 Рейтингтік бағалау жүйесі: Қолданудың (бағаның) анықталған облысы бар көрсеткіштер (белгілер) жинағы.

3.12 Өмірлік айналым: Автомобиль жолын жобалаудан бастап салу мен күтуді қосқанда оны жоюға дейінгі үрдістер жинағы орындалатын уақыт кезеңі.

3.13 Сапа: Оның бекітілген және болжамды қажеттілікті қанағаттандыратын қабілеттеріне қатысты нысан сипаттамасының жиынтығы.

3.14 Тұзету әрекеттері: Ұсталған сәйкесіздіктің себептерін жоюға бағытталған әрекеттер.

3.15 Ескерту әрекеті: Потенциалды сәйкесіздіктің себептерін жоюға бағытталған әрекеттер.

3.16 Ластанудың алдын алу: Ластануды болдырмауға мүмкіндік беретін үрдістерді, әдістерді, материалдарды немесе қнімдерді пайдалану, оны төмендету немесе онымен күресу және қоршаған ортаға әсерін төмендету үшін қайталама пайдалану, тазалау, үрдісті өзгерту, механизмді басқару, ресурстарды тиімді пайдалану және материалдарды ауыстыруды қосу.

3.17 Ең жақсы қолжетімді технологиялар (ЕҚТ): Экологиялық талаптарды және оны қолдануға мүдделі адамдарға үшін қолжетімділікті сақтау жағынан ең жақсы болып табылатын технология [41].

3.18 Жол сервисі нысандары: Қонақүйлер, мейманханалар, кемпингтер, автокөліктерге жанармай құю бекеттері, техникалық қызмет көрсету бекеттері, тамақтану және сауда орындары [1].

3.19 Жол қызметі нысандары: Жол пайдалану кешендері, пайдалану қызметінің жұмысшыларына арналған тұрғын үйлер, автобус аялдамалары, павильондар, демалыс алаңшалары, автобустардың қысқа тоқтауына арналған алаңшалар, жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге арналған автомобиль, құрылыш және құрылғыларды техникалық байқауға арналған құрылғылар, орман алқаптары, қызмет көрсету орындары және көпірлерді қорғау, технологиялық және апатты-шақыру байланыстар құрылғысы, жол ақысын төлеуге арналған бағдарламалық-аппаратты кешен [1].

3.20 Жобалық құжаттама: Жоба алды құжаттама, құрылыш жобасы және техникалық құжаттаманы қосқандағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының барлық өмірлік айналымына құжаттама кешені.

3.21 Жоба алды құжаттамасы: Құрылышқа немесе автомобиль жолын қайта құруға техникалық-экономикалық негіз.

3.22 Құрылыш жобасы: Қөлемді-жоспарлы, құрылымды, технологиялық, инженерлік, табиғатты қорғау, экономикалық және басқа шешімдерді құрайтын жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының құрылышы, қайта құру және күрделі жөндеуіне жобалық (жобалық-сметалық) құжаттама, сондай-ақ құрылышты, аймақты инженерлік дайындауды, жайлостируды ұйымдастыруға және ендіруге арналған сметалық есептер [2].

3.23 Техникалық құжаттама: Жыл сайынғы байқаудың деректері және әрекеттегі жөндеуаралық мерзімдерді есепке ала отырып олардың негізінде жасалаған ақаулар тізімі бойынша қолданыстағы жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының орташа жөндеуіне құжаттама, сондай-ақ жолды пайдалану және жөндеу жұмыстары өндірісі кезінде қоршаған ортаны қорғау бойынша талаптар және қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

#### **4 Жалпы ережелер**

4.1 Осы Ұсынымдарды енгізуіндегі мақсаттары және олардың сәйкестігінің рейтингтік бағалау жүйелері:

- автокөлік дамуының перспективасын есепке ала отырып, қолданыстағы нормативтерге қатысты экологиялық талаптардың жоғарғы деңгейін қамтамасыз ету жолымен жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын жобалау, салу және пайдалану үрдістерін дамыту, сондай-ақ инновациялық технологиялар мен шешімдерді қолдану;

- көрсетілген нысандардың өмірлік айналымының барлық сатыларындағы табиғи және табиғатқа жуық экожүйелердің өмір сүруінің технологиялық демеуін және автожол әрекеттерінің жағымсыз техногендік факторларын төмендетуде қорытындалатын жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарының экологиялық қауіпсіздігін көтеру.

- жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын мүмкін болатын жағымсыз әрекеттерден қоршаған ортаны (табиғи, әлеуметтік-мәдени, сәулет, тарихи) қорғаудың қазіргі заманғы деңгейін қамтамасыз ету.

4.2 Жол-көлік инфрақұрылымының тұрақты дамуының жасыл қағидаларының негізінде тұрақты даму тұжырымдамасын ұсыну жатады.

4.3 Жасыл қағидаларды ендіру қоршаған ортаны қорғауды басқарудың жүйесін және жұмыс өндіріс сапасын жұмыс істету аумағында жүзеге асырылады.

#### **5 Экологиялық талаптар құрылымы**

5.1 Жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарына қойылатын экологиялық талаптар құрылымы түбегейлі алынған пайдалар, нысандардың өмірлік айналымдары, нысандардың сегменттерге бөлінуін есепке ала отырып салынған.

### 5.2 Түбегейлі пайдаларға жатады:

- экологиялық – қоршаған ортаға жағымсыз әсердің төмендеуі және адам денсаулығына қатердің төмендеуі;
- ресурсты үнемдеу – заттар мен электр қуатын пайдалану көлемін төмендету;
- технологиялық – инновациялық технологиялар мен шешімдерді, жабдықтарды енгізу;
- үнемділік – аз қаржы шығынымен негізгі қажеттілікті қанағаттандыру;
- әлеуметтік – қоғамдық қажеттілікті максималды қанағаттандыру және әлеуметтік-тұрмыстық инфрақұрылымды оңтайландыру.

5.3 Осы Ұсынымдар мақсаты үшін автомобиль жолдарының өмірлік айналымы келесі сатыларға бөлінеді:

- жобалық-іздестіру жұмыстары (әрі қарай – ЖІЖ);
- құрылыш (қайта салуды қосқанда) – (әрі қарай – құрылыш);
- пайдалану (қызметтің есептеу мерзіміндегі күрделі, орташа және ағымдағы жөндеуді қосқанда) (әрі қарай – пайдалану).

## 6 Белгілер топтары, экологиялық талаптар және оларды бағалау әдістері

6.1 Ұсынымдар белгілері бір немесе бірнеше логикалық қағидалар бойынша топтарға біріктірілген:

- экологиялық менеджмент және сапа менеджменті жүйелері;
- табиғатты оңтайлы қолдану және ландшафтты орналастыру;
- инфрақұрылымдық және құрылымдық шешімдер;
- материалды және электр қуатын үнемдеу;
- мекендеу ортасының сапасы мен жайлышы;
- қауіпсіздікті қамтамасыз ету.

6.2 Тұрақты дамудың жасыл қағидаларының талаптарына нысандардың сәйкес келуін бағалау белгілерінің кешені А-қосымшасында келтірілген.

6.3 Жасыл қағидалардың талаптары мен нысандарының сәйкестігін бағалау белгілері Б-қосымшасында келтірілген.

## 7 Сәйкестікті рейтингтік бағалаудың жүйесі

7.1 Сәйкестікті рейтингтік бағалаудың жүйесі қолданыстағы халықаралық және ұлттық стандарттар қағидаларына негізделген және сапа менеджментін жақсартуға, әзірлеу, келісу, бекіту және іске асыру сатыларында жобалық құжаттаманың жұмыс істеу тиімділігін көтеруге бағытталған.

7.2 Рейтингтік бағалау Жүйесін әзірлеуде мыналар анықталады және есепке алынады:

- оны қалыптастыру әдістемесі;

- жұмыс істетудің негізгі қағидалары;
- белгілер рөлдерін бағалауға арналған тәсілдер;
- ұлттық және халықаралық басымдылық;
- белгілер мәндері (салмақ) деңгейі.

### 7.3 Рейтингтік бағалау Жүйесінің қызметтері:

- құрылымдық (баға шешімді қабылдаудың негізіне жатады);
  - үйлестіруші (баға жеделдету басқармасының ақпараттық қамтамасыз етілуі ретінде орын алады);
  - бақылау (сәйкес сипаттамаларды тексеру, сандық және сапалық нәтижелерді бағалау);
  - аналитикалық (баға талдауға арналған ақпарат қорына қызмет етеді);
  - ынталандыруши (тұртқінің ең маңызды құралы болып табылады).

### 7.4 Рейтингтік бағалау Жүйесін жұмыс істетудің негізгі қағидалары:

- дұрыстық (рейтингті иемденудің қабылданған методологиясы аумағында барлық қолжетімді және дұрыс ақпараттарды талдау негізінде алынған бағаның негізділігін қамтамасыз ететін шартты үрдістерді сақтау);
- туралық (рейтингтік бағалау туралығына қатысты адастыруға алып келмеуге тиісті дұрыс ақпаратты құрайтын негізделген рейтингтік бағалар немесе есептерді жариялау);
- тәуелсіздік (бағалау үрдісінде қолы бос емес қызметкерлер бағалау нысанынан тәуелсіз болулары қажет);
- айқындық (рейтинг туралы шешімдерді шығару үшін назарға алынған барлық негізгі факторлар мұдделі адамдардың кен ортасына қолжетімді болу керек);
- сенімділік (бекітілген талаптардың орындалуын растау);
- үздіксіздік (рейтингтік бағаны растау немесе жаңарту);
- біліктілік (рейтингтік бағаны маманданған мамандармен орындау);
- құпиялық (рейтингтік бағасының субъектісімен жеткізілген құпия ақпаратты қорғау тәртібі мен ережесін бекіту);
- стандартталу (рейтингтік баға оны пайдаланушыға түсінікті стандартты терминдерді, мәндерді қамтуы қажет).

7.5 Осы Ұсынымдар мәндері белгілерін (салмағын) анықтауға арналған біліктілік негіздер Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясавтының басымдылығына сүйеніп анықталды.

7.6 Сәйкестікті бағалау үрдісінде жиналған ұпай сомасына байланысты, жобалық құжаттамада өмірлік айналым деңгейіне байланысты төменде көрсетілген шкалаларға сай сәйкестік дәрежесі беріледі:

- I Жасыл - 40 %-дан - 49%-ға дейін;
- II Күміс – 50 %-дан - 59%-ға дейін;
- III Алтын – 60 %-дан - 79%-ға дейін;
- IV Платиналы - 80% және одан жоғары.

7.7 Жол-көлік инфрақұрылымының тұрақты дамуының жасыл қағидаларының талаптары нысандарының сәйкестігін бағалау белгілерінің рейтингтік жүйесі В қосымшасында келтірілген.

7.8 "Ең жақсы қолжетімді технологияларды енгізу" түріндегі қосымша көтермеленеу үпайлары есепке алынған үпайдың ең жоғарғы саны (A) келесіні құрайды:

- 73,5 үпай - ЖІЖ сатысындағы жобалық құжаттамаға арналған;
- 65,5 үпай - құрылыш және пайдалану сатыларындағы жобалық құжаттамаға арналған.

"Сәйкестік категориясы" шкаласына (7.6.-тармақ) өту үшін алынған балладар соммасын 100% қатысты деп алып нормалашу қажет.

$A (\%) = (A * 100) / 73,5$  – ЖІЖ сатысындағы жобалық құжаттамаға арналған;

$A (\%) = (A * 100) / 65,5$  – құрылыш және пайдалану сатыларындағы жобалық құжаттамаға арналған.

## 8 Белгілер және нормативтік-құқықтық құжаттама

8.1 ЖІЖ сатысындағы жобалық құжаттама, жалпы қолданыстағы автомобиль жолдарын салу және пайдалану Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау облысындағы зандар талаптарына, Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулысына, әрекеттің көрсетілген саласындағы өкілетті мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ салалық экологиялық талаптарды қамтитын нормативтік-техникалық құжаттарға сай келуі және іске асырылуы қажет.

8.2 Нысандардың жол-көлік инфрақұрылымының тұрақты дамуының жасыл қағидаларының талаптарына сәйкестігін бағалауы үшін Г-қосымшасында келтірілген нормативтік-техникалық құжаттамалар пайдаланылды.

## 9 Қолдану ережелері

9.1 Осы Ұсынымдарды қолдану ережелері автомобиль жолдары бойынша өкілетті мемлекеттік органдармен, жергілікті орындаушы органдармен, жолдың иелерімен анықталады.

9.2 Өмірлік айналымға негізделген сәйкестікті бағалау үрдісін ҚР СТ ISO 14001-2016 негізгі қағидалары мен терминологияларына сай келесілерге бөлуге болады:

- жобалық құжаттаманың осы Ұсынымдардың талаптарына сәйкестігін бағалау;
- салу және пайдалану бойынша жұмыс өндірісі сатыларындағы автомобиль жолдарының нақты телімдерінің осы Ұсынымдар талаптарына сәйкестігін бағалау.

9.3 Осы Ұсынымдар талаптарына сәйкес келуді бағалау үрдісін келесі 2 сатыға бөлуге болады:

- алдын ала;
- бағалау.

9.4 Әр сатыдағы құжаттама жинағы төмендегідей анықталады:

- тапсырушының өзі немесе Тапсырушымен анықталған ұйымдар және жобалауши, мердігер (салу немесе пайдалануға) арасындағы қарым қатынасты орнықтыратын құжаттармен;

- осы Ұсынымдармен.

9.5 Алдын алу сатысында келесі жұмыс түрлері орындалады:

- жобалық құжаттаманың осы Ұсынымдардың талаптарына сәйкестігін қарастыру:

а) алдын ала жобалау құжаттамасы немесе құрылыш жобаларының оның кешенді ведомствалық емес сараптамасын, сондай-ақ мемлекеттік экологиялық сараптаманы өткізгенге дейінгі құрылыш жобасы;

б) автомобиль жолдарының орташа жөндеуіне ведомствалық сараптама жүргізу құрамындағы техникалық құжаттама.

9.6 Алдын алу сатысында орындалған жұмыстар нәтижелері бойынша Д-қосымшасында келтірілген форма бойынша жобалық құжаттаманың сәйкестігі туралы қорытындыны немесе Е-қосымшасына сәйкес форма бойынша қорытындының Бірыңғай реестріне енгізу арқылы түрткі бас тартуды беру арқылы "Осы Ұсынымдар талаптарына жол-көлік инфрақұрылымының нысаны бойынша ұсынылған жобалық құжаттаманың сәйкестігін бағалау" есебі жасалады.

9.7 Алдын алу сатысы бойынша есеп құрылымы келесі бөлімдерді қамтуы тиіс:

- кіріспе (ұсынылған құжаттама тізімі және көлемі);

- сәйкестік бағасы (белгі, талаптар және өзекті/максималды баға);

- жобалық құжаттама сатысындағы ұсыныстар (белгі, талаптар, ұсыныстар және ескертүлер);

- сәйкестік туралы қорытынды (талаптарға сәйкестіктің жалпы бағасы).

9.8 Бағалау сатысы құрылыш және пайдалану деңгейлерінде жүргізіледі.

Бағалау сатысында бекітілген нысанда жұмыс өндірісінің сәйкестігі туралы қорытынды беру арқылы немесе Бірыңғай реестріне енгізу арқылы түрткі бас тартуды беру арқылы Ұсынымдар талаптарына жұмыс өндірісі нысанының сәйкестігінің рейтингтік бағасы жүргізіледі.

9.9 Бағалау сатысын орындау үрдісінде есеп құжаттамасын дайындау және көрсету, сондай-ақ тапсырушының өзі немесе Тапсырушымен анықталған ұйымдар және жобалауши, мердігер (салу немесе пайдалануға) арасындағы қарым қатынас келесі әрекеттерді қарастырады:

- Тапсырыс беруші мердігер шарты жасалғаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде үлгі бойынша (Ж қосымшасы) нысанының сәйкестігін рейтинглік бағалаудың жоспар-кестесін әзірлейді, бекітеді және Тапсырыс беруші өз интернет-қорында орналастырады.

- жұмыс өндірісі нысанының жоспарлы сәйкестік рейтингтік бағалауы қатаң түрде жоспар-кестеге сай жүргізіледі;

- жоспардан тыс сәйкестік рейтингтік бағалауы жұмыс өндірісі нысанының алдыңғы сәйкестік рейтингтік бағалауының нәтижелері бойынша теріс қорытынды болған жағдайда жүргізіледі.

9.10 Мердігер, Тапсырушы сарапшылары немесе Тапсырушымен анықталған ұйымдар ұсынған құжаттама толықтылығы мен жинақтылығын талдау 7 күн ішінде жүргізіледі және қажет болған жағдайда жұмыс өндірісі нысанына барады.

9.11 Сәйкестік бағалау бойынша жұмыстар 30 күн ішінде орындалады. Қажет болған жаңдайда Тапсырушы немесе Тапсырушымен анықталған ұйым Мердігерге ресми бағытталатын "Түзету әрекеттері жоспарын" жасайды.

9.12 Сәйкестікті бағалау жұмыстарының нәтижелері бойынша Мердігерге берілетін төмендегі есептік құжаттар дайындалады:

- жұмыс өндірісінің сәйкестігін бағалау бойынша есеп;

- нысанның бекітілген талаптарға сәйкес келу деңгейін көтеруге бағытталған ұсынымдар мен ұсыныстар;

- рейтингтік есеп;

- жұмыс өндірісінің сәйкестігі туралы қорытынды;

9.13 Жұмыс өндірісінің сәйкестігін бағалау бойынша есеп құрылымы мыналардан тұрады:

- кіріспе (нысан атауы мен мекен-жайы, мердігер);

- құжаттама сипаттамасы (осы Ұсынымдар талаптарына сәйкес ұсынылған құжаттаманың тізімі және көлемі);

- жобалық құжаттаманы әзірлеу туралы негізгі мәліметтер;

- сәйкестік бағалау (әр белгі мен талапқа сәйкес бөлім әзірленеді);

- қорытынды.

9.14 Рейтингтік есепте көрінуі қажет:

- сарапшылар тізімі;

- рейтингтік есеп дайындалған құжаттама тізімі;

- әр белгі бойынша талдаулары бар қорытынды рейтингтік баға.

## **А қосымшасы**

### **(ақпараттық)**

#### **A.1-кесте- Нысандардың жасыл қағидалар шарттарына сәйкес келуін бағалау белгілерінің жинағы**

Код	Сәйкестікті бағалау белгілерінің атауы	Жолдың өмірлік кезеңінің сатылары
A белгілер тобы.		

<b>Экологиялық менеджмент және сапа менеджменті жүйелері</b>		
A1	ҚР СТ ISO 14001-2016 бойынша экологиялық менеджмент жүйесі енгізілген	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
A2	ҚР СТ РК 9001-2016 бойынша сапа менеджмент жүйесі енгізілген	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
A3	Халықты жол жұмысы өндірісімен хабарландыру	ЖІЖ, құрылым
<b>В белгілер тобы. Табиғатты оңтайлану және ландшафтты орнату</b>		
B1	Автомобиль жолын салуға телім (трасса) таңдау	ЖІЖ, құрылым
B2	Аймақтың топырақ құнарлығын қалпына келтіру, жақсарту және қалпына келтіру, ландшафтты орнату, өсімдік және топырақ қабатын сактау және/немесе қалпына келтіру	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
B3	Несерлі ағысты реттеудің кешенді жүйелері	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
B4	Суды тиімді пайдалану: шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарда қолданылуға арналған ішетін су шығынын төмендету	ЖІЖ, құрылым
B5	Құрылым және пайдалану кезеңдерінде беткі және топыракты сулардың ластануының алдын алу	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
B6	Қалдықтарды басқару және рециклинг	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
B7	Жануарлардың көшіп-қону жолдарын қамтамасыз ету бойынша шешімдер әзірленді және жүзеге асырылды	ЖІЖ, құрылым
B8	Табиғат көрінісіндегі әдемілікті сактау және/немесе қамтамасыз ету бойынша шешімдер әзірленді және жүзеге асырылды	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
B9	Осы бағыт бойынша автомобиль жолдары саласында ең қол жетімді технологияларды қолдану	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
<b>С белгілер тобы. Инфрақұрылымдық және құрылымдық шешімдер</b>		
C1	Жол және жол бойындағы қызмет нысандарын орналастыруды оңтайландыру	ЖІЖ
C2	Коршаған табиғи ортаның жарықпен ластануын төмендету бойынша шешімдер әзірленді және жүзеге асырылды	ЖІЖ, құрылым, пайдалану

C3	Автомобиль жолдары және автомобиль жолдарына тиіп тұрған аймақтардағы адамдар мен техникаларға арналған жаяу өтпекжолдар бойынша шешімдер әзірленді және жүзеге асырылды	ЖІЖ
----	--	-----

**A.1-кестенің жалғасы**

Код	Сәйкестікті бағалау белгілерінің атауы	Жолдың өмірлік кезеңінң сатылары
C4	Нысанның халықтың аз қозғалып қатысатын тобына қолжетімділігін және тіршілігін қамтамасыз ету шарттарын онтайландыруды қамтамасыз ету	ЖІЖ
C5	Құрылым және автомобиль жолдарын қайта салу нысандарында тарихи мәні бар жерлер табылған жағдайда іс-шараларды қамтамасыз ету	ЖІЖ, құрылым

**D белгілер тобы.**

**Материал және энергия қуатын үнемдеу**

D1	Энергиялық тиімділік бойынша шешімдер әзірленді және жүзеге асырылды	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
D2	Нысанды орналастыру аймағында өндірілген, өнделген және жасап шығарылған материалдарды қолдану	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
D3	Автомобиль жолдарын салуда, қайта салуда, курделі, орташа және ағымдағы жөндеуде және күтудегі жұмыс өндірісі үрдісінде қайталама материалдарды қолдану	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
D4	Жер қазу жұмыстарының тенгерімі	ЖІЖ, құрылым
D5	Осы бағыт бойынша автомобиль жолдары саласында ең қол жетімді технологияларды қолдану	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
D6	Қолданылатын технологиялар мен жабдықтардың энергия қуатын үнемдейтінін растайтын құжаттардың болуы	Жобалық, пайдалану
D7	Жылды асфальтбетон технологияларын қолдану	ЖІЖ, құрылым, пайдалану

**F белгілер тобы.**

**Мекендеу ортасының сапасы мен жайлышы**

F1	Ағаштар мен бұталардың тұрақты тұрларінен жол бойындағы ормандардың қорғаныс жолактарын қалыптастыру	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
F2	Зиянды заттардың төменгі деңгейлі эмиссиясы бар материалдарды қолдану және құрамында асбест бар материалдарды қолданбау	ЖІЖ, құрылым, пайдалану
F3	Коныстану аймақтарында атмосфералық ауаның ластану деңгейін төмendetуді қамтамасыз ету	ЖІЖ, құрылым, пайдалану

F4	Су нысандарының ластану деңгейін төмендетуді қамтамасыз ету	ЖІЖ, күрылым, пайдалану
F5	Тығындалмаған топырақтар мен топырақ бетін маусымды пайдалану кезінде олардың тіршілік әрекетін қалпына келтіру және күті арқылы қоныстану аймақтарындағы топырақтарының ластану дәрежесін төмендетуді қамтамасыз ету	ЖІЖ, күрылым, пайдалану
F6	Қоныстану аймақтарында шудан ластану деңгейін, оның ішінде шу жұтатын жол жамылғысын пайдалану арқылы төмендетуді қамтамасыз ету	ЖІЖ, күрылым, пайдалану

#### A. I-кестенің жалғасы

Код	Сәйкес келу бағалауының белгілер атауы	Жолдың өмірлік кезеңінің сатылары
F7	Діріл деңгейін төмендетуді қамтамасыз ету	ЖІЖ, күрылым, пайдалану
F8	Осы бағыт бойынша автомобиль жолдары саласында ең қол жетімді технологияларды қолдану	ЖІЖ, күрылым, пайдалану
G белгілер тобы. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету		
G1	Коршаған ортаны инженерлік қорғау күрылымы және нысандарын қолдану кезінде жол козгалысы мен жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету	ЖІЖ, пайдалану
G2	Әлеуетті қауіпті ғимараттар мен автожолдар аймақтары ауаларындағы ластағыш заттардың күрамын бақылау жүйесі мен қүрылғысын енгізу	ЖІЖ, күрылым, пайдалану
G3	Электр қуаты және сумен жабдықтаудың апатты көздерін пайдалану	ЖІЖ, күрылым, пайдалану
G4	Тығындалмаған топырақтардың тіршілік әрекетінің қорларын қолданатын нысандарды белсенді экологиялық қорғау механизмін ендіру	ЖІЖ, күрылым, пайдалану

## Б қосымшасы

### (ақпараттық)

#### Б.1-кесте - Нысандардың сәйкестік бағаларының белгілері және жасыл қағидалар талаптары

Код	Сәйкес келуді бағалаудың белгілер атауы	Субъект (белгілер қолданылатын үйімдар)
<i>А белгілер тобы. Экология менеджменті және сапа менеджменті жүйелері</i>		

A1	КР СТ ISO 14001-2016 бойынша экологиялық менеджмент жүйесінгізілген	<p>КР СТ ISO 14001-2016 бойынша экологиялық менеджмент жүйесінгізілгені және сертификаттандырылған растайтын сертификаттар, сондай-ақ экологиялық менеджмент жүйесі алып жүретін құжаттар көшірмелері бар.</p> <p><b>1 Жобалық, мердігерлік және пайдалану үйимдарында сәйкестік сертификатының және жүйенің жұмыс істеуінің алып жүру құжатының болуы;</b></p> <p><b>2 Жобалық, мердігерлік және пайдалану үйимдарында сәйкестік сертификатының болмауы және/немесе жүйенің жұмыс істеуінің алып жүру құжатының болмауы.</b></p>
A2	КР СТ ISO 9001-2016 бойынша сапа менеджмент жүйесінгізілген	<p>КР СТ ISO 9001-2016 бойынша сапа менеджмент жүйесінгізілгені және сертификаттандырылған растайтын сертификаттар, сондай-ақ экологиялық менеджмент жүйесі алып жүретін құжаттар көшірмелері бар.</p> <p><b>1 Жобалық, мердігерлік және пайдалану үйимдарында сәйкестік сертификатының және жүйенің жұмыс істеуінің алып жүру құжатының болуы;</b></p> <p><b>2 Жобалық, мердігерлік және пайдалану үйимдарында сәйкестік сертификатының болмауы және/немесе жүйенің жұмыс істеуінің алып жүру құжатының болмауы.</b></p>
A3	Жол жұмыстары өндіріс туралы әлеуметті ақпараттандыры	<p>Аймақты және жол желілерін дамыту жоспарлары туралы азаматтарды ақпараттандыру бойынша іс-шараларды өткізуі қамтамасыз ету қажет. Мұндай іс-шаралар шектелмей қамтиды:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- қосымшалармен көпшілік тыңдауды өткізу,</li> <li>- баспасөз ақпарат құралдарында материалдарды жариялау,</li> <li>- азамат сұрағы бойынша көрсетілген ақпаратты ұсыну.</li> </ul>

#### B.1-кестенің жалғасы

Код	Сәйкес келуді бағалаудың белгілер атауы	Субъект (белгілер қолданылатын үйимдар)
		<p><b>1 Оң нәтижелері мен қосымшалары бар көпшілік тыңдаудың хаттамаларының, баспасөз ақпарат құралдарында материалдарды жариялаудың, азамат сұрағы бойынша көрсетілген ақпаратты ұсынудың болуы;</b></p> <p><b>2 Оң нәтижелері мен қосымшалары бар көпшілік тыңдаудың хаттамаларының, баспасөз ақпарат құралдарында материалдарды жариялаудың болуы;</b></p> <p><b>3 Оң нәтижелері мен қосымшалары бар көпшілік тыңдаудың хаттамаларының, азамат сұрағы бойынша көрсетілген ақпаратты ұсынудың болуы;</b></p> <p><b>4 Оң нәтижелері мен қосымшалары бар көпшілік тыңдаудың хаттамаларының болуы;</b></p> <p><b>5 Көпшілік тыңдаудың хаттамаларының, баспасөз ақпарат құралдарында материалдарды жариялаудың және басқаларының болмауы.</b></p>

В белгілер тобы. Табиғатты пайдалану және ландшафтты орнату

	Жол-көлік инфракұрылым нысандарын және жол қызметі нысандарын орналастыруға арналған телімді таңдау кезінде бұрынғы пайдаланылған аймактарға, сондай-ақ топырақ құнарлығын қалпына келтіруді, жақсартуды және функционалдық оңалтуды талап ететін аймактарға көніл
--	--

	бөлген жөн. Жол қызметі нысандарын бұзылмаған орман екпелері өсп келе жатқан телімдерде, далалық және шабындық топтануларда және басқаларда орналастырудан бас тарту қажет.
B1	<p>Автомобиль жолы құрылыс асты телімді (трассаны) таңдау</p> <p>1 Тапсырыс берушімен бұрын пайдаланылған жер телімін (трассаны) таңдау және топырақ құнарлығын қалпына келтіру, жақсарту (ремедиация) және оңалту іс-шараларын өткізу;</p> <p>2 Тапсырыс берушімен бұрын пайдаланылған жер телімін (трассаны) таңдау;</p> <p>3 Табиги жүйесі бұзылмаған, бірақ ерекше күзетілетін табиги аймақтарда тапсырыс берушімен жер телімін (трассаны) таңдау;</p> <p>4 Ерекше күзетілетін табиги аймақтарда тапсырыс берушімен жер телімі (трассаны) жобасы бойынша таңдау жоылған.</p>
B2	<p>Аймақтың топырақ құнарлығын қалпына келтіру, жақсарту және оңалту, өсімдік</p> <p>Жобалық құжаттандыру бөлімдерінде көрсетілген ландшафты орнықтыру және ландшафтың топырақ құнарлығын қалпына келтіру, жақсарту (ремедиация) және оңалту бойынша барлық іс-шараларды жүйелу және олардың тізімін құру қажет. Ис-шаралар</p>

#### Б.1-кестенің жалғасы

Код	Сәйкес келуді бағалаудың белгілер атауы	Субъект (белгілер қолданылатын ұйымдар)
	<p>және топырақтың жабынды ландшафты орнықтыру және сақтау және/немесе қалпына келтіру</p> <p>уақытқа жалғасуы қажет, мысалы: 2) іс-шараның орындалуы 1) ) іс-шараның орындалуы аяқталғаннан кейін бірден басталады. Бұл жоспар келесі жолдарды қарастыруы қажет кесте түрінде құрастырылуы тиіс: реттік сан, іс-шара атауы, орындалу мерзімі, жауапты (ұйым, лауазымды адам және басқалары), орындалғаны туралы белгі. Нысандарды сертификаттауды жүргізу кезінде "Ландшафты орнықтыру және ландшафтың топырақ құнарлығын қалпына келтіру, жақсарту (ремедиация) және функционалды оңалту бойынша іс-шаралар жоспарын", сондай-ақ Жоспарда көрсетілген іс-шаралардың орындалғанын растайтын құжаттаманы ұсыну қажет. Бұл құжаттама орындалған жұмыстар актілерін , фотоесептерді немесе басқа да құжаттарды қамтиды.</p> <p>1 ҚОӘБ-да аймақтың ландшафты орнықтыруы және жердің (топырақтың) құнарлығын қалпына келтіру, жақсарту (ремедиация) және оңалту бойынша іс-шара тізімдері және сәйкес техникалық шешімдердің, жобалық құжаттаманың болуы. Жобалық шешімдерге сай аймақтың ландшафты орнықтыруын және топырақты және өсімдік жабынның сақталуын және/немесе қалпына келтірілуін демеу туралы визуалды байкаудың оң нағижендерін растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>2 ҚОӘБ-да аймақтың ландшафты орнықтыруы және жердің (топырақтың) құнарлығын қалпына келтіру, жақсарту (ремедиация) және оңалту бойынша іс-шара тізімдері және жобалық құжаттаманың және іске асыру бойынша растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>3 ҚОӘБ-да аймақтың ландшафты орнықтыруы және жердің (топырақтың) құнарлығын қалпына келтіру, жақсарту (ремедиация) және оңалту бойынша сәйкес техникалық шешімдердің және жобалық құжаттаманың және іске асыру бойынша растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>4 ҚОӘБ-да аймақтың ландшафты орнықтыруы және жердің (топырақтың) құнарлығын қалпына келтіру, жақсарту (ремедиация) және оңалту бойынша іс-шара тізімдері және сәйкес техникалық шешімдердің, жобалық құжаттаманың болмауы.</p>	

**B.1-кестенің жалғасы**

Код	Сәйкес келуді бағалаудың белгілер атауы	Субъект (белгілер қолданылатын үйымдар)
B3	Нөсерлі ағысты реттеудің кешенді жүйелері	<p>Құрылыш және нысандарды пайдалану этаптарында нөсерлі ағысты реттеу бойынша субұрғыш арықтарды су алып кетуді алдын алу, су түсіретін немесе дренажды барлық іс-шараларды жүйелеу және олардың тізімін құру қажет. құрылыштарды пайдалану бойынша іс-шараларды қарастырған жөн. Тез шайылатын топырақ және женіл механикалық құрамды топырақ тараптадын аймақта, сондай-ақ жолға тікелей жақын жерлерде болған жағдайда су эрозиясының алдын алу және онымен күресу бойынша іс-шараларды қарастырған жөн. Қажет болған жағдайда жылдам токтар, көпсатылы сарқырамалар, суат құдықтар және басқаларды құрган жөн. Ол үшін қолданылуы мүмкін: жылдам токтар, көпсатылы сарқырамалар, суат құдықтар және консольді ығысуладар. Жыра дамуының алдын алу үшін сонымен бірге бөгеттер, су түбіндегі сарқырамалар және босаға тастар, төмен сулы боғаттар пайдаланылуы мүмкін. Жыралардың бойына бұталар мен ағаштар отырғызу, шөптер отырғызу арқылы оларды бекітуді қарастыру қажет.</p> <p>1 Жобалық құжаттамада іс-шаралардың жүйеленген тізімінің және нөсерлі ағыстарды реттеу жүйесін құру бойынша сәйкес техникалық шешімдердің болуы және жобалық шешімдердің іске асыру және штаттық режимде нөсерлі ағыстарды реттеу жүйесінің тұрақты жұмысы туралы растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>2 Жобалық құжаттамада нөсерлі ағыстарды реттеу жүйесін құру бойынша сәйкес техникалық шешімдердің болуы. Нөсерлі ағыстарды реттеу жүйесі штатты режимде жұмыс істейді, бірақ оның тұрақты жұмысын растайтын құжаттар болмайды;</p> <p>3 Жобалық құжаттамада іс-шаралардың және нөсерлі ағыстарды реттеу жүйесін құру бойынша сәйкес техникалық шешімдердің болмауы. Нөсерлі ағыстарды реттеу жүйесі жұмыс істемейді.</p>
B4	Суды тиімді пайдалану: шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарда қолданылуға арналған ішетін су шығынын төмендету	Шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарда қолданылуға арналған ішетін су шығынын төмендету бойынша барлық іс-шараларды жүйелеу және олардың тізімін құру қажет. Автокөлікті жуу айналымдағы сумен жабдықтау жүйелерімен жабдықталуы тиіс.
<b>B.1-кестенің жалғасы</b>		
Код	Сәйкес келуді бағалаудың белгілер атауы	Субъект (белгілер қолданылатын үйымдар)
		Жол бойы инфракұрылымы нысандарында тазаланған жаңбыр ағысын, сондай-ақ шаруашылық және технологиялық сумен жабдықтау жүйесінде тазаланған шаруашылық ағысын пайдалануды қарастыру қажет. Нысандарда су үнемдеу жабдықтарын пайдалануды қарастыру қажет: биоәжетханалар, инфрақызыл датчиктері бар су ажырататын құрылғылар, екі рет шаятын шұнғылдар, инфрақызыл датчиктері бар және төмен шығынмен писсуарлар, санитарлық талаптарды бұзбай су шығынын төмендетуге мүмкіндік беретін басқа су ажырататын арматура. Нысандарда су шығынын есептейтін орталықтар орнатылуы тиіс.

	<p>1 Жобалық құжаттамада шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарда қолданылуға арналған ішетін су шығынын жоқ қылу бойынша техникалық шешімдердің болуы. Жобалық шешімдерді іске асыру және штаттық режимде су үнемдеу жабдықтарының тұрақты жұмысы туралы растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>2 Жобалық құжаттамада шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарда қолданылуға арналған ішетін су шығынын төмендету бойынша техникалық шешімдердің болуы. Су үнемдеу жабдықтары штатты режимде жұмыс істейді, бірақ оның тұрақты жұмысын растайтын құжаттар болмайды;</p> <p>3 Жобалық құжаттамада шаруашылық-тұрмыстық мақсаттарда қолданылуға арналған ішетін су шығынын төмендету бойынша техникалық шешімдердің болмауы. . Су үнемдеу жабдықтары жұмыс істемейді.</p>
B5	<p>Кұрылыш және пайдалану кезеңдерінде беткі және топыракты сулардың ластануының алдын алу бойынша барлық іс-шараларды жүйелеу және олардың тізімін құру қажет. Автомобиль жодарынан беткі ағыс (ығысу) ластаудына бағалау жүргізу қажет және оны тазалаудың қажеттілігін шығару. Бұл бағалауды су нысанына тастауға шамамен рұқсат етілген есеп жолымен жүргізеді. Бұл есепті су нысандарының сулары құрамы мен қасиеттеріне қойылатын жалпы талаптар және су нысандарының суларындағы зиянды заттардың шамамен рұқсат етілген концентрациясы (ШРК) есебінен орындаған жөн.</p> <p>Егер жүргізілген есептер су ағынына тастамас бұрын беткі ағын суларды тазалау қажеттігін көрсетсе, беткі ағын суын жинауды қамтамасыз ететін және оларды таза</p>

## **Б.1-кестенің жалғасы**

Код	Сәйкес келуді бағалаудың белгілер атаяу	Субъект (белгілер қолданылатын ұйымдар)
		<p>құрылышқа бағыттайтын автомобиль жолдары мен кірлер жамылғыларынан беткі су бұрғыш сыйбасын қолданған жөн. Көпірлі өтпелерде беткі ағынды тазалау қажеттілігі жағдайында суды жамылғыдан тікелей су ағынына тастауға рұқсат етілмейді. Беткі ағынның барлық көлемі таза құрылыштарға апарылуы тиіс.</p> <p>Су қоймаларының суды қүзету аймақтары шамасында автомобильдерді жуу құрылғысын қарастырмаған жөн.</p> <p>1 Жобалық құжаттамада беткі және топыракты судың ластануын алдын алу бойынша іс-шаралардың тізімінің және сәйкес техникалық шешімдердің болуы. Беткі және топыракты судың ластануын алдын алу бойынша жобалық шешімдерді іске асыру және олардың тиімділігі бойынша растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>2 Жобалық құжаттамада беткі және топыракты судың ластануын алдын алу бойынша ұйымдастыру іс-шараларының болуы. Беткі және топыракты судың ластануын алдын алу бойынша жобалық шешімдерді іске асыру туралы растайтын құжаттардың болуы;</p> <p>3 Беткі және топыракты судың ластануын алдын алу бойынша іс-шаралардың және техникалық шешімдердің болмауы немесе беткі және топыракты судың ластануын алдын алу бойынша жобада қабылданған жобалық шешімдер іске аспаған.</p>

